

«Bolashaq» Академиясының Студенттер үйіне қоныстану тәртібі және құжаттар тізімі:

1. Жалпы ережелер

- Конкурстық (тұрғын үй) комиссия студенттердің жатақханада тұруға берген өтініштерін 2 (екі) жұмыс күні ішінде қарайды.
- Егер студент 20 тамызға дейін тұру ниетін растамаса, бронь жойылып, орын босатылады.
- Егер тұруды растаған студент 29 тамызға дейін қоныстанбаса, бронь жойылып, орын босатылады.

2. курс студенттеріне арналған тәртіп:

- 1 курс студенттерінен Студенттер үйіне тұру үшін өтініштерді қабылдау 5 тамыздан 25 тамызға дейін жүргізіледі. Өтініш беру құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырғаннан кейін жүзеге асырылады.
- 1 курс студенттерінің өтініштерін 25 тамыздан 05 қыркүйекке дейін конкурстық (тұрғын үй) комиссиясы қарайды.
- Егер жолдама алған 1 курс студенті 05 қыркүйекке дейін қоныстанбаса, бронь жойылып, орын босатылады.

3. Студенттерді қабылдау санаттары:

Студенттер үйінен орын алу кезінде келесі санаттарға басымдық беріледі:

- Мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар;
- Ата-анасынан айырылған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- Бір немесе екі ата-анасы I немесе II топтағы мүгедек болып табылатын балалар;
- Кәмелет жасына толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар;
- Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын тұлғалар, оның ішінде қандастар;
- "Алтын белгі" иегерлері болып табылатын 1 курс студенттері;
- Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанған студенттер;
- Үздік куәлік, аттестат немесе дипломмен оқу орнын аяқтаған талапкерлер.

4. Географиялық шектеулер:

•

Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахан, Шахтинск қалаларында және Абай ауданының Топар, Қарабас кенттерінде, Дубов, Курмин ауылдық округтерінде, Бұқар жырау ауданының Үштөбе, Доскей, Жаңаөзен ауылдық округтерінде тұратын студенттерге Студенттер үйінен орындар тек 05 қыркүйектен кейін бос орындар болған жағдайда ғана беріледі.

5. Қоныстану үшін қажетті құжаттар тізімі:

1. Жеке куәліктің көшірмесі
2. Флюорография (көкірек қуысы рентгені) анықтамасы
3. №075-У медициналық анықтама (дәрігерлік тексеруден өткені туралы)
4. 3х4 көлеміндегі фотосурет - 2 дана

☐ Егер студент қоныстану кезінде көрсетілген санатқа тиесілігін құжатпен растай алмаса, бронь жойылады.

6. Оқу және Студенттер үйінде тұру үшін төлем жасауға арналған банк реквизиттері

Банковские реквизиты

Частное учреждение «Академия «Bolashaq» Кбе 17

БИН 950640001690

ИИК KZ376010191000066207

БИК HSBKKZKX

АО "Народный банк Казахстана"